

FTAXP 03.20.00, 03.61.00

<https://doi.org/10.26577/JH.2021.v103.i4.15>**Т.Т. Далаева** , **Р.Р. Оспанова\*** 

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: [ablai\\_angel@mail.ru](mailto:ablai_angel@mail.ru)

## **ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЕРЛЕР БАС КИІМДЕРІ ВИЗУАЛДЫ ЖӘНЕ НАРРАТИВТІ ДЕРЕКТЕРДЕ: ВЕСТИМЕНТАРЛЫ КОДТЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ (XIX-XX ғасырдың басы)**

Мақалада авторлар XIX ғ. – XX ғ. басында, Ресей империясы құрамындағы әлеуметтік-мәдени кеңістіктің өзгеруі жағдайында, қазақ дәстүрлі қоғамында ерлердің ұлттық бас киімдерінің пайдаланудың әлеуметтік тәжірибелері мән мәтініндегі сипаттамасы берілген. Бас киім жеке тұлғалық мәртебенің маңызды белгісі және әлеуметтік жағдайдың атрибуты болды, оның вестиментарды коды XIX – XX ғғ. басында қазақтардың дәстүрлі мәдениеті шеңберіндегі мағыналық мәндермен де, Ресей империясымен билік қатынастарының символикалық мәндерімен де анықталды.

Сонымен қатар авторлар XIX-XX ғасырдың бас кезеңіндегі вестиментарлы кодтың эволюциясы негізінде қазақ халқының ерлер бас киімдері визуалды және нарративті деректердегі зерттеулерді жинақтап, бір жүйеде ғылыми кешенді сипатын көрсеткен. Мақалада зерттеудің тарихи әдістерінің антропологиялық тәсілдерімен және ерлердің бас киімдерінің этнографиялық сипаттамалары үйлесімінде XIX – XX ғғ. басындағы визуалды, нарративті және мұрағаттық дереккөздер негізінде олардың толық сипаттамасын ұсынуға әрекет жасалды. Қазақ халқында ұлттық бас киім әлеуметтік таптық нышанды, жеке тұлғаның қоғамдағы рөлін де білдірген жазба деректерге авторлар баса назар аударған. Ерлер бас киімінің түр түсі де өзіндік мағына бергендігін авторлар назарға алған.

**Түйін сөздері:** Қазақ ерлерінің бас киімдері, вестиментарды код, визуалды көздер, XIX – XX ғасырдың басы, қазақтың дәстүрлі қоғамы, Ресей империясы.

T.T. Dalayeva, R.R. Ospanova/

Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: [ablai\\_angel@mail.ru](mailto:ablai_angel@mail.ru)

### **Kazakh men's headdresses in visual and narrative sources of the 19th – early 20th centuries: evolution of the vestimental code**

The article presents the characteristics of men's national headdresses in the context of social practices of their use in Kazakh traditional society in the period of the 19th – early 20th centuries, in the context of changes in the socio-cultural space within the Russian Empire. The headdress was an important marker of status and an attribute of social rank, the vestimental code of which in the 19th – early 20th centuries was determined by semantic meanings both within the framework of the traditional culture of the Kazakhs and by the symbolic meanings of power relations in the Russian Empire.

In addition, the authors systematized published studies on the history of the Kazakh folk costume, drawing attention to the evolution of the vestimental code of Kazakh headdresses in the 19th–20th centuries. In the article, in combination of historical research methods with anthropological approaches and ethnographic descriptions of men's headdresses, an attempt is made to present their detailed characteristics on the basis of visual, narrative and archival sources of the 19th – early 20th centuries. The authors pay special attention to the fact that the headdress in the studied time is a symbol of social status among the Kazakh people, as well as an indicator of the role of the individual in society. The authors note that the color of men's hats also has its own meaning.

**Key words:** Kazakh men's headdresses, vestimental code, visual sources, XIX – early XX centuries, Kazakh traditional society, Russian Empire.

Т.Т. Далаева, Р.Р.Оспанова

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы

\*e-mail: ablai\_angel@mail.ru

### Казахские мужские головные уборы в визуальных и нарративных источниках XIX – начала XX вв.: эволюция вестиментарного кода

В статье представлена характеристика мужских головных национальных уборов в контексте социальных практик их использования в казахском традиционном обществе в период XIX – начале XX вв., в условиях изменения социокультурного пространства в составе Российской империи. Головной убор был важным маркером статусности и атрибутом социального положения, вестиментарный код которого в XIX – начале XX вв. определялся смысловыми значениями как в рамках традиционной культуры казахов, так и символическими значениями властных отношений с Российской империей.

Кроме того, авторы систематизировали опубликованные исследования по истории казахского народного костюма, обращая внимание на эволюцию вестиментарного кода казахских головных уборов в XIX–XX веках. В статье в сочетании исторических методов исследования с антропологическими подходами и этнографическими описаниями мужских головных уборов сделана попытка представить их развернутую характеристику на основе визуальных, нарративных и архивных источников XIX – начала XX вв. Авторы обращают особое внимание на то, что головной убор в изучаемое время является символом социального статуса у казахского народа, а также показателем роли личности в обществе. Авторы отмечают, что цвет мужских головных уборов тоже имеет свое значение.

**Ключевые слова:** казахские мужские головные уборы, вестиментарный код, визуальные источники, XIX – начало XX вв., казахское традиционное общество, Российская империя.

#### Кіріспе

XIX екінші жартысы мен – XX ғ. басындағы қазақтардың ұлттық бас киімдері туралы көзбен көру бейнесінде ақпарат беретін дерек көздерінің бірі визуалды деректер. XIX екінші жартысы мен – XX ғ. басындағы қазақтардың ұлттық бас киімдері туралы визуалды деректер суретшінің қылқаламында, фотография объективінде шынайы боямасыз сипатта ақпараттар береді. Қазақ халқында ер адамдар бас киімін әлеуметтік тұрғыда өте жоғары бағалаған. Осы тұрғыда визуалды және нарративті деректердегі ақпараттық мәтін мұқият зерттеушіге ғана ұлттық бас киімдер жөніндегі кезеңдік құпиясын ашатындығы дау тудырмайды.

XIX екінші жартысы мен -XX ғ. басындағы қазақтардың ұлттық бас киімдері туралы визуалды деректердің тарихи тұрғыда басқа деректерден ерекшелігі объектідегі материалды әлеуметтік тарихи контексте қарастырады.

#### Материалдар мен әдістер

XIX екінші жартысы мен – XX ғ. басындағы қазақтардың ұлттық бас киімдері туралы зерттеуді визуалды деректерде бейнеленген жекелеген фотографиялардың жинақтарында және жекелеген ізденушілердің еңбектерінің ішінде берілетін суреттермен айқындауға болады.

Қазақтың ұлттық (халықтық) костюмінің тарихы туралы жарияланымдар оны этнографиялық зерттеу шеңбері мақсатында жүргізілді. Мысалы, бұл А.Галимбаеваның әйгілі қазақ халық костюмі суреттері альбомы, тақырыпқа қатысты кіріспе мақаланы С.Есова мен Н.Еразбаева жазған (Казахский народный костюм, 1958.: 68 с.), 1976 жылы «Қазақтың ұлттық киімдері» альбомы жарық көрген (Казахская национальная одежда, 1976: 112 с.). И.В. Захарова, Р.Д.Ходжаева (Захарова И.В., Ходжаева Р.Д., 1964: 178 с.), У.Жәнібеков (Джанибеков У., 1982: 144 с. С. 40-61.), Р. Қосмамбетованың (Космамбетова Р., 1983: С. 119-123.) зерттеулері қазақтардың ұлттық киімінің сипаттамасына, негізгі элементтері мен декорына, оның ерекшеліктерін Қазақстан өңірлерінің музей коллекцияларының материалдарын зерттеуге негізделген.

XX ғасырдың 90-шы жылдары – XXI ғасырдың басы ұлттық костюмді зерттеуге деген қызығушылықтың артуы қазақы болмыстың өскендігін айқындайды. 1996 жылы Ө.Жәнібековтің альбомы (Джанибеков У.Д., 1996: 189 с.), «Қазақ кимі» кітабы (Қазақ киімі, 1996:192 б.), 2005 жылы – «Қазақ костюмі» альбомы жарияланды (Казахский костюм, 2005. – 160 с.). Н.Әлімбаев, А.Ш.Ермекбаеваның мақаласы ҚР Орталық мемлекеттік музейінің киім-кешек коллекциясына арналған (Alimbay N., Yermekbayeva A., 2020: 33.).

И.В. Ерофеева, Э.Р. Усманованың жариялануы XVIII – XIX ғасырдың бірінші жартысындағы билік басындағы қазақ элитасының сырт киім ерекшелік белгілерінің өзгеруіне арналған (Ерофеева И.В., Усманова Э.Р., 2014. 696). А.Ш. Бимендиевтің мақаласы Шыңғыс әулетінен шыққан қазақтар бас киімдерін зерттеуге және визуалды, нарративті дереккөздер негізінде жеке элементтердің мағынасын сипаттауға арналған (Бимендиев А.Ш., 2016 – 247 с. – С. 59-68.).

Зерттеу тақырыбы қазақ халық костюмі, ұлттық дәстүрлер, сондай-ақ этнографиялық аспектіде қазақтың бас киімдері болған шетелдік зерттеушілердің жарияланымдарының ішінен В.Плотников және И. В.Стасевич суреттер альбомында қазақ бас киімдеріне сипаттама берген, Л. Ф. Попованың (Попова Л. Ф. 2011: С. 86–92.), (Stasevich I., 2016.: P. 20-36.) еңбектерін бөліп көрсетуге болады. Олар «сәукелені» әйелдердің үйлену бас киімін кешенді зерттеуді ұсынды. Қазақстанда Т.Картаеваның жарияланымдарына назар аударуға болады, ол «фотосуреттер дәстүрлі өмірдің этномәдени келбетін, тарихи кезеңдегі тарихи оқиғалардың шындығын дәл сипаттайды» деп атап өтті (Картаева Т.Е., 2017. <https://edu.e-history.kz/kz/publications/view/666>).

Ұсынылған зерттеулерді шолуда авторлардың негізгі назары қазақ ұлттық бас киімінің сыртқы сипаттамасына, этнографиялық тәсіл негізінде костюм мен бас киімнің жекелеген белгілері мен атрибуттарының мәнін сипаттауға аударылды деп түйіндейміз.

XIX екінші жартысы мен – XX ғ. басындағы қазақтардың ұлттық бас киімдері туралы жарияланған визуалды деректерді идеографиялық, типологиялық, семиотикалық тарихи-салыстырмалы тұрғыдан, ретроспективтік әдістермен зерттеу қазақ тарихын жан-жақты оқытуға мүмкіндік береді.

Әлемдік ғылыми тәжірибеде киімдерді антропологиялық зерттеудің пәні ретінде жүйелі түрде зерттеу Джоан Би Эйчер «the Anthropology of Dress» (Joanne B., 2000: – № 27:1. P.59-70.) мақаласында ұсынылған, ол осы тақырыппен 1999 жылы Халықаралық тоқыма және киім қауымдастығының отырысында шақырылған атақты ғалым ретінде ашық дәріс оқыды. Ол мынандай қорытынды ой түйгендігін келтіруге болады: «Киім антропологиясының тарихы антропологияның өзінің тарихын көрсетеді, сирек кездесетін жеке коллекциялардан алынған мәдени мысалдардан бастап, бір мәдениеттің терең түсіндірме зерттеулеріне дейін. Бұл

кітаптар мен мақалалар арқылы киім жеке және әлеуметтік-мәдени сәйкестік туралы тиімді қарым-қатынас жүйесі ретінде ұсынылған.» (Joanne B., 2000: – № 27:1. P.59-70.)

Патрисия Бассинидің «a Journey from Past to Present Among Tibetans» («Тибеттіктер арасында өткеннен қазіргі уақытқа саяхат») мақаласы киімді зерттеудің нақты дәлелі болып табылады (Patrizia Bassini (2012), 46:1, 92-110) Бұл мақалада Қытайдың Цинхай қаласында тибеттіктерге не кию керектігі қарастырылады. Патриция былай деп жазады: «Адамдардың әңгімелерін талдаудан және қатысушылармен жүргізілген кең байқаулардан шығатыны, киім таңдау шынымен де көптеген тибеттіктерді алаңдатады, өйткені олар өздері туралы және олардың әлемдегі позициясы туралы хабарлама береді. Менің ойымша, тибеттік ер адамдар Хань Қытайының экономикалық жетістіктеріне жету үшін әсіресе стратегиялық тұрғыдан батыстық үлгідегі костюмдерді киюді бастады». (Patrizia Bassini, (2012), 46:1, 92-110). Шын мәнінде, оның мақаласында тибеттік киімнің вестиментарды коды қарастырылған.

Вестиментарлық код мәдениеттегі вербальды емес қарым-қатынастың негізгі арналарының біріне жатады, атап айтқанда, ол костюмнің таңбалық-символдық сипатында басты назарда көрінеді. Костюмді белгі жүйесі ретінде «Семиология негіздері» және «Сән жүйесі. Мәдениет семиотикасы туралы мақалалар» еңбектерінде Р.Барт қарастырылған. Р.Барт тұрмыстық заттарды, архитектуралық құрылымдар мен киімдерді «белгілер – функциялар» деп санау теориялық тұрғыдан ойға сыйымды (Барт Р., 2003: 512 с.). Семиологиялық жоба үшін вестиментарды белгілердегі барлық айырмашылықтарға жеткілікті қаныққан материалдың корпусын құру өте қажет; ал керісінше, бұл айырмашылықтардың жиі және сирек қайталануы маңызды емес, өйткені мағынасы қайталану арқылы емес, айырмашылық арқылы қалыптасатындығын Р.Барт еңбегінде дәйектеген (Барт Р., 2003: 512 с., 44 б.).

### Талқылаулар мен нәтижелер

Бұл мақаланың мақсаты Ресей империясы құрамындағы әлеуметтік – мәдени кеңістіктің өзгеруі жағдайында XIX – XX ғғ. басындағы қазақ ерлер бас киімдерінің вестиментарлық кодын зерделеу. Этникалық, рулық және территориялық көрсеткіш рөлін атқаратын, сонымен қатар мағыналық негізі бар ұлттық бас киімдердің

тарихи дерек ретіндегі рөлі тарих ғылымында құнды визуалды деректер қатарына айналуға. Ерлердің киімдеріне қатысты түсініктемелерде олардың иелерінің әлеуметтік-экономикалық мәртебесі атап көрсетіледі.

XIX-XX ғ.бас кезеңіндегі қазақ қоғамындағы ерлердің бас киімдеріне тоқталатын болсақ, этнографиялық суреттерде мынадай түрлері: тақия, қатты конус тәрізді үлбірлі құлақшын, тымақ, үлбір бөрік, бас таңғыш және тағыда басқа түрлері бейнеленген. XIX ғасырдың соңғы кезеңіне дейін қазақ ер азаматтары көбіне тапсырыс арқылы тіктіріп киген. Бас киімдердің биіктігінің төмендеуі XIX ғасырдың

екінші жартысында орын ала бастады. Оған дәлел «қысқы тюбетейка» деп аталатын суретте Орта Азия халқының отырықшы халқы киетін ала матадан жасалған бас киімдер қазақ халықтарында да кеңінен тарай бастады. Алғашында сатып алып, кейіннен өздері де тігіп алуға көшкен. Бірақ қазақтар ала матадан емес, қой терісінен пішіп жасаған (Мейер Л. 1865:16-17-б.).

ҚР ОММ қорларында сақталған бас киім экспонаттарымен салыстыру нәтижесінде алынған салыстырмалы талдау XX ғасырдың ортасына дейін Ұлттық киім кию дәстүрін әлі де сақталғандығы жайында айтуға мүмкіндік береді.



КП 13315 Қысқы ер адам бас киімі. XX ғ.  
ҚР Орталық мемлекеттік музей фондынан

Мысалы, КП 13315 (Талдықорған облысынан) түгендеу нөмірімен ҚР ОММ қор коллекцияларындағы «тымақ» ерлердің бас киімі Ә.Қастеевтің «Социалистік Еңбек Ері Алмағамбетов Шабаданның киіз үйінде» картинасында бейнеленген бас киіммен барлық өлшемдері бойынша бірдей.

Ел тарихының деректік көзі әсіресе XIX-XX ғ. бас кезеңі Ресей империясының тарихымен тікелей байланысты. Сондықтан визуалды деректерді саралауда басты деректерді фото құжаттар құрайды. Негізінен Ресей Империясында 1839 жылдан ресми фотографияға түсу басталған. Аталған алғашқы кезеңде фотографияға түсу бағасы өте құнды және қымбат болған. Сондықтан кез-келген адам өз бейнесін фотоқұжатта қалтыра алмаған.

Мына бір суреттік құжатта киіз үй ішіндегі адамдардың бас киімінен жанұя мүшелерінің кім екендігін аңғаруға болады. Басында кимешегі барлары сол жанұя аналары, бөріктегі ер бала, егде тартқан әже кимешегінің өзіндік ерекшелігі берілген және тақиядағы отағасы. Яғни бас киім қоғамдағы ер мен әйелдің орнын, қызметін айшықтаған.

К.В. Шенниковтың 1910 жылы жарық көрген еңбегінде негізінен қазақтар бас киімге қатысты туралы тек екі ғана фото сурет қорына топтастырылған. Ол ерекше көңіл бөлген шығармалардың бірі – «Қырғыз бен түйе», ал екіншісі «шеруге қатысқан жас қазақ жұбайы» (Жәңгір хан әйелімен) атауларын алған. (Прищепова В.А. [http://www.kunstkamera.ru/lib/rubrikator/08/08\\_03/5-02-026468-7/](http://www.kunstkamera.ru/lib/rubrikator/08/08_03/5-02-026468-7/): 45-6).



НВФ 5289/17. Семья в юрте. 1899 г. Семипалатинская губерния.  
Из фондов ЦГМ РК



Шапка мужская войлочная «калпак».  
Апликация. Казахи, Казахстан.  
XIX в. МАЭ. Колл. № 403-3.

Аталған портрет техникалық жағынан сөзсіз сапалы орындалған. Жүз жылға жуық мерзімде басқа фото суреттердің арасында ұмытылып, жоғалып кетті.

Негізінен жанұя портреті фото түрінде «Қырғыз хан әйелімен бірге» атауы бойынша танылған. Фотоның оң жақ төменгі бұрышы мен паспортында төмендеу дөнес стигма бейнеленген. Суреттің төменгі бұрышы және

төменгі жағында пассаждары көрсетілген сурет дүңгіршек стигматизациясы бар: «Астрахань-дағы Вишневскийдің суреті» деп көрсетілген. Бұл сурет Бөкей ордасының қазақ ханы Жәңгір портретін әйелін бірге портретте бейнелеуге болатынын көрсетті.

Айтулы фото құжаттың бірнеше ұқсас нұсқалары бар екен. Н.И. Кандибының «Қырғыз хан әйелімен бірге» суретінде жас қазақстандық



жұпты суреттейді. Бұл қазақтардың ішінен алғашқы отбасылық фотоқұжаттардың бірі. Жәңгір Фатимамен 1843-1844 жылдары суретке түскен болуы керек. Қазақ ханы әйелімен фотосы Астраханда түсірілген делінген. Түсірген фотограф Вищневский деп айтылады. (Прищепова В.А. [http://www.kunstkamera.ru/lib/rubrikator/08/08\\_03/5-02-026468-7/](http://www.kunstkamera.ru/lib/rubrikator/08/08_03/5-02-026468-7/): 71-б).



Б.Л.Модзалевскийдің «Мұражайдың ескі түбіртектерінен» сақталған фото суретті қарастыруымызға болады. Суреттің артқы жағында қарындашпен танымал әдеби-сыншы, пушкинист ғалым, әрі профессор Борис Львович Модзалевский деп жазылған. Музейдегі бірінші суретті Көшпелілер туралы әйгілі сарапшы орта Азиялық С.М.Абрамзон зерттеді. Суретте «Шерудегі қазақ сұлтандары» деген сөздер артқы жағында жазылған болатын. Шынымен де, топтық суретте қазақ сұлтандары орыс шенеуніктерімен айқындалған. Олардың биіктеу тәжі бар екендігі көрсетілген. Олардың домалақ бұлғары бас киімдерін кигені көрінеді. Көрнекті коллекцияларға жүргізілген зерттеу тәжірибелері «Шерудегі қазақ сұлтандарының формасы» басқа қатарлардағы фотолар тәрізді музейде сақталған. Бірақ, ең бастысы оның жақсы деңгейде сақтағандығы болды. Паспортағы Суреттің астындағы мөрі латын әріптермен алмастырылады. (Шпаковский, С-Петербург) танымал Петербургтық фотограф болған, Фотоны тіркеу уақытында «Қазақ сұлтандарының шерудегі формасы» көпшілікке танымал болды (Бимендиев Ә.Ш., 2013. 650 с.,120-б).

«1801-1873 жж. Ресей императорлық сотына қазақ депутаттары туралы» жинақта жарияланған Ресей императорлары сотына қазақ депутаттары туралы мұрағаттық құжаттарды құрастырушы Б. Т. Жанаев, (2020) (Жанаев Б.Т., 2020, 27) қазынадан жол жүруге және пәтерге орналастыруға ақшалай қаражатты тағайындау,

қазақ депутаттарына бағалы заттар мен киім беру практикасы туралы ақпаратты қамтиды. Қазақ сұлтандары мен старшиналарының киімдеріне қажет материялардағы (маталардағы) жазбаларда 1802 жылы Орта жүз сұлтаны Шаншар Сұлтанмаметов үшін анықталды – «доңғалақтың қақпағындағы қызыл барқыт жарты аршин 9-дан 10 рубльге дейін аршин» (Б.Т.Жанаев, 2020., 27), бірге жүретін үш ақсақал Мурзагүл Самырзин, Сатай Құмбасов, Потакан Курумшина үшін – «олардың үш бас сүйектерінің қақпағы үшін қызыл барқытқа бір жарым аршин, бағасы бойынша 6-дан 8 рубльге дейін» (Жанаев Б.Т., 2020, 27). 1803 жылы Орта жүздің сұлтандары Джигангер Каипов пен Джантиля Джаныбековке, сондай-ақ олармен бірге жүрген үш старшина Ишмурат Балтина, Жамантай Таштемиров пен Чичкамбай Қарақұзыевке де осындай есептік мөлшерде және тиісті бағамен тақияға қызыл барқыт берілді. Айырмашылық сұлтандар мен ақсақалдар үшін матаның сапасы мен бағасында болды, матаның мөлшері бірдей, кесу бірдей болды. 1805 ж. Орта жүз депутатының мүшелері сұлтан Газы Бөкеевке, Ғабайдолла Худаймендинге және Пішен Урусовқа – «үш бөрікке арналған төрт жұптан, 12 жұптан» және бес старшина Лаузан Тағаевқа, Тоты Оразбаевқа, Байғара Игизекөвке, Сатыбалды Анкишевке, Айдарат Матбакинге – «алтын бөрікке 2-ден көз аршина 7-ден 8 рубльге дейін, иә, бір қара-қоңыр түлкі» берілді (Жанаев Б.Т., 2020., 27 б., 110 б.). И.В. Ерофеева мен Э. Р. Усманова мақаласында атап өткендей: бағалы түлкінің терісі оның жоғары бағасы қазақ билеуші элитасының бас киімдеріне негізінен арналды: оларға қысқы бас киім тігілді. Сұлтандардан айырмашылығы, күміс түлкіні «қара сүйектің» таптық тобынан шыққан асыл адамдар бас киімдер мен басқа да киім элементтерін жасау үшін пайдалану XVIII-XIX ғасырдың бірінші жартысында болған (Ерофеева И.В., 2014: б. 658.). Ресей империясының императорынан алған киімдерде, бас киімдер мен терілерге салынған вестиментарды коды ресми дәстүрдің қазақ дәстүрлі қоғамындағы қатынастар нормаларына әсерін көрсетті. Кейіннен Орта жүз аумағында сыртқы округтік бұйрықтар ашылған кезеңде 1822 жылғы Жарғыға сәйкес старшиналар, болостық мен аға сұлтандар ретіндегі міндеттерін орындау барысында сұлтандармен бәсекелеседі.

1814 жылы Бөкей Нұралихановтың Ішкі Орданың ханы сұлтан Артықғали Нұралиханов бастаған қазақ депутатының келуіне орай

осындай талап қойылды: «депутаттар бірінші жағдайда ең биік аулаға өздерінің жеке киімдерін ұсыныады. Ал 1812 жылғы 9 ақпандағы ең жоғары жарлықтың негізінде бұрынғы мысалдар бойынша олардың киіміне мыналар қажет болады: майор сұлтан Артағали (Артыкғалия) Нұралыхановқа ... екі старшинаға, Тулан Иразаровқа және Бармақ Мұратовқа: ... жарты шаршыдан құндызы бар тақияға қызыл түсті барқыт және әрбір тақияға екі лоттан позумент қажет болған. (Жанаев Б.Т., 2020: 133). Мұнда Бөкей ханның інісі сұлтан мен екі старшинаның бас киімдеріне арналған маталары мен терілерінде ешқандай айырмашылық жоқ, айырмашылық киім маталарының сапасы мен құны – чекмендер мен бешметтерде болды. 1817 жылы Бөкей Барақханов ханнан Орта жүз депутаттығына осы 1812 жылғы 9 ақпандағы атаулы Жарлықтың негізінде Бөкей ханның немересі Сұлтан Тұрсын Шыңғысовқа және үш старшинаға – капитан Лаузан Тағаевқа, Қазанғап Сатыбалдинге және Әлібек Түтин – тағы да, біз бірдей қызыл түсті барқыттың бірдей кемістік жиегі бар екенін аңғаруға болады, айырмашылық тек оқаның түсінде болады.

1820 жылы Кіші жүздің ханы Ширғазы Айчуваков (Айшуақов) үшін де, Орта жүздің сұлтандары Құдайменді Ишимханов пен Досан Ханбабиннен де қазақ депутаттары үшін де «өзгермейтін сенім» көйлегін тарту дәстүрі жалғасын тапты. Азия департаментінде жасалған ведомоста Ширғазы Хан үшін сыйақы ретінде заттар мен ақша және олардың кері кетуіне байланысты оның киімдері: ханға – көк барқытпен жабылған (1500 рубль бағасымен аң терісі бар); сол барқыттан құндыз жиекпен жасалған қалпақтар, ... көмкерілген қызыл қамқа тақиясы берілген. Үш сұлтанға – алтын жалатылған қып-қызыл барқыт шекпен; бірдей түсті бас киімдер мен белбеу... Үш старшина мен молдаға – қара түсті жасыл шүберекпен жасалған, алтыннан өрілген шекпен; сол матадан кең шалбар; барқыт қып-қызыл тақиялар. белі. (Жанаев Б.Т., 2020: 296). Айта кету керек, алдыңғы депутаттар үшін сыйлыққа арналған маталар мен киімдердің сипаттамасында сыртқы киімнің түстері айтылмады, тек бас киімнің түсі әрқашан арнайы көрсетілген – «қызыл барқыттан жасалған тақиялар». Мұнда бас сүйектерінің түсі бірдей, ал сырт киімі онсыз да басқа түсті – хан үшін көк, сұлтандар үшін қып-қызыл (қызыл түстің бір түрі), старшиндер үшін қою жасыл.

1828 жылы Губайдулла Уәлихановтың ұлы Сұлтан Болат Губайдуллинге және тоғыз

старшинаға тігілмеген толық көйлектер мен бас киімдерге арналған маталар тізілімінде шекпен, жартылай шекпен, белбеу және бас киімдерге арналған маталар тізімделді. Бұл тізімде тақиялар туралы ештеңе айтылмаған, сұлтанға арналған қалпақта: аршиннің төрттен үш бөлігі қып қызыл барқыт. Бір аршын алтын кең оқа, 4 аршын алтын тар оқа. Камчатка құндыз құрсамасы. Төбесіне марселиннен бір аршын. (Жанаев Б.Т., 2020: 482). Старшиналарға арналған 9 бас киім: жасыл барқыт үш төрттен аршын – 6  $\frac{3}{4}$  аршын. Алтын орташа оқаға бір аршыннан – 9 аршын. 4 аршын алтын тар оқаға – 36 аршын. Камчатка құндызының құрсамасына бір-бірлеп – 9 дана. Марселина бір аршыннан төбесіне – 9 аршын (Жанаев Б.Т., 2020: 483). Енді тақиялар туралы айтылмаған, тек шапка жайында айтылды. «Шапка» сөзі халықаралық лексикаға «жүннен тігілген дөңгелек бас киім» мағынасында енді. Бұл сұлтанға қызғылт түсті кең не тар алтын оқамен, ал ақсақалдардың жасыл түсімен не орта және тар алтын оқамен безендірілген бас киімнің жаңа стилі екені анық. (Марселин-төсеніш матасының алуан түрі, Тулья – бас киімнің жоғарғы бөлігі төбесі). Алайда 1830 жылы 1824 жылы сәуірде Орта жүз аумағында ашылған Қарқаралы және Көкчетав сыртқы округтеріндегі қазақ депутаттары үшін бас киімдерге арналған мата мен өрімнің мөлшері аздап азайтылды. Егер бұрын бір қалпақшаға  $\frac{3}{4}$  аршынын жіберілсе, енді жартысында және бір қалпақшаны әрлеуге бұрын екі түрден, жалпы алғанда бес аршин, ал енді тек бір ғана түрі екі жарым аршын. Оларға: бас киімдерге: барқытқа – төрт қызыл түсті, ал басқаларына-алты жасыл түсті жарты аршын, алтынмен екі-екіден жарты аршин, астарына жасыл жұқа жібек матасынан жарты аршин және 10 құндыз құрсамалары (Жанаев Б.Т., 2020: 539) жөнелтілген. Бірге жүретін адамдар құрамында барлығы-10 адам. Депутаттың он мүшесінің төртеуіне қызыл қалпақтар дайындады, бірақ олардың арасында «ақ сүйектен» бір ғана сұлтан болса, қалғандары «қара сүйектің» өкілдері болды. Мүмкін, қазір қызыл қалпақтар әскери атағы бар адамдарға (мысалы, Джилгара Байтокин) немесе приказ құрамында (мысалы, Улджебай Уртавов) қызмет еткен немесе қандай да бір түрде белгіленген адамдарға дайындалған шығар. Қызыл түсті бас киімдердің вестиментарлық коды сұлтандардың және жергілікті қызметте болған қазақ старшиналарының әкімшілік лауазымдарында әлеуметтік мәртебесінің теңестірілгенін куәландырады



Санкт-Петербургтегі Қазақ делегацияның мүшелері.  
А.И.Шпаковскийдің суреті. 1860 г.

1860 ж. Орынбор қазақтарының облыстық басқармасынан келген би Азберген Мұңайтпасовқа Санкт-Петербургке сапар туралы ұсынысымен былай деп айтылған: «облыстық басқарма ... сені генерал-губернатор мырзаның тілегіне сәйкес, Орынборға келуге шақырады, ол жерден Санкт-Петербургке дейін және кері мұнда қазынаның есебіне әкелесің,... бірақ *киімнің өзіңдікі, ұлттық киімнің болуы тиіс...*» (Жанаев Б.Т., 2020: 681). Сонда да салтанатты киімсіз келгендерге, Орынбор облыстық басқармасының қаражаты есебінен сметаға киім жасау енгізілді. Сонымен, XIX ғасырда ерлердің бас киімдерінің вестиментарлық кодының өзгеруі біртіндеп байқалады, бұл олардың иелерінің әлеуметтік мәртебесінің маңызды атрибуты болды.

Қазақ дәстүрлі қоғамында ерлердің бас киімдері Ресейдің әлеуметтік-мәдени кеңістігіне еруге байланысты болған өзгерістер туралы маңызды ақпарат берді. Ресей этнографиялық музейінде 1859-1861 жылдары В.Плотниковтың Кіші жүздің Жетісу рулық бірлестігінің құрамына кіретін және Орта жүздің Қыпшақ тайпасының қазақтарының ауылдарында жасаған акварельдер альбомы сақталған. Мұнда ерлер бас киімдеріне тән қалпақтар, бас киімдер, малақай, башлықтар, тақиялар, бірнеше түрлі бас таңғыштар секілді бас киімдердің 15 түрі ұсынылған. Қазақ ерлерінің бас киімдерінде

тек қазақ ою-өрнектері ғана емес, қырғыз, қарақалпақ халықтарының, жалпы түркі халықтарының символдық ою-өрнектері де көптеп кездеседі. Әсіресе суреттер арасындағы ерекше өрнектелген бас киімдер сұлтан, билердің малақайлары. Суретшінің еңбегінде бай және кедейдің малақай нұсқаларын сипаттайды. Маусымдық ерекшеліктері де атап өтілді. Жергілікті климаттық жағдайларға арнайы тігілген қысқы қазақ малақайлары аяз бен борннан жақсы қорғайтындығы сипатталған. Малақайды аң терісінен жасалып, иыққа дейін жауып тұрғандығын атаған. Жалпы ғалымның ерлер бас киімдерінің барлық суреттері 1860 жылы альбомда берілген. (Плотников В., 2006.-187-191).

Қазақтар арасындағы көп тараған ерлер бас киімі-төрт жауырыны бар теріден жасалған тымақ бас киімі, В.Плотников оны өз еңбектерінде «малақай» деп те атаған. Суретші рулық негіздегі бас киімдерге тоқталған. Мысалы, жағалбайлық және қыпшақ киімдерінің пішіндегі айырмашылықты салыстыра қарастырған. С.И.Руденконың айтуынша, тымақ типі бойынша рулық топты анықтауға болады. (Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков: материалы к историко-этнографическому атласу, 1980: 24-б). Қыпшақ малақайы жағалбайлық малақайға қарағанда өте жұпыны көрінеді. Жағалбайлық малақай күрең бархат-



пен көмкерілген және алтын түсті жіппен әшекейленген. Сондай-ақ жағалбайлық малақай бағалы аңдар терісінен пішіліп тігілген. Ал қыпшақ малақайы қой жүнінен жасалған. Аң терісінің басқа мөрленген түрі де кең таралған. Жалпы қазақтар арасында түлкі терісінен тігіліп, оған жасыл түсті жіппен көркемдеген түрлері де жиі кездеседі. Бірақ басқа малақайлардан ерекшелігі төменгі жиектері бүрмеліп, өріс ретінде тігілген (Попова Л. Ф. 2011: С. 86–92).

В.Плотников «қырғыздың бас таңғышы» аталған суреті қызықты. Жалпы сыртқы сипатында аталған бас киім күн қағары бар кепкаға ұқсайды. Этнографиялық куәліктерге сүйенсек Қазақстанның батысындағы ерлер бас таңғыштарының болмысы туралы мәліметтерді тізбектеген, дегенмен олардың пішіні жайында жазба деректер жоқтың қасы (Попова, 2011: С. 86–92). Аталған этнографиялық жинаққа «бай қырғыздың үй киімі» атты суреті енген. Бейнеленген кейіпкердің бас киімі тақиядан, оның үстіне жоғарғы жағы дөңгелекте шағын орамдары байқалмайтын ақ қалпақтан тұрады.

Қазақ қоғамында бас киімнің бірнеше түрлері болды. Соның ішінде қазақтар қыстың күні басына жібек, бархыттан және жүннен жасалынған тымақ киді, құлақшыны иыққа дейін, артқы бөлігі арқаның жарты бөлігін жапқан түрлері болды. Жаз мезгілінде ешкі мен қой жүнінен қалпақ киді. Аталған қос бас киімде де ұзын, конус тәрізді формада еді. Әлеуметтік жағдайға байланысты ақсүйектер, байлар тымақты ою-өрнекпен оқалады (Гавердовский, 2007:, 42 б.). Шаштары алынған басқа бірінші кішкентай тақия киіп, одан соң үшкір киізден жасалынған бас киім кию көпшілікке тән еді.. Қонаққа немесе сыйлы жерге баратын кезде бас киімін ауыстырып, жазда ақ түсті қозы жүнінен жасалынған, қыста үлкен, жүннен бас киім киеген. Кейбір авторлар еңбектерінде бұл бас киімдер басқа елдердің мәдениеті араласуының арқасында келген деген пікірлер келтіріледі. Мейердің еңбегінде бұл бас киім орыстардан алынған – деп те көрсетіледі (Залесский, 1991: 48-б.).

Карутцидың «Среди киргиз и туркменов на Мангышлаке» атты еңбегінде «малақай» суреті

енгізіліп, анықтамада берілген болатын. Бұл суретте қырғыздардың теріден жасалаған бас киімі талданған. Бұл жерде бас киім горшок тәріздес немесе цилиндр тәріздес татар үлгісінде жасалған. Оның ұзартылған түрі өз қожайына бай типтік сипат береді. Жан-жағы жұмсақ, арнайы байлайтын жібімен жасалған. Кейде пәс тәріздес те болып келеді» (Карутц, 1911., 144-б.).

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы ерлердің бас киімдері әлеуметтік мәртебесін көрнекі түрде көрсетті және маусымдық уақыт пен ауа-райына байланысты утилитарлық сипаттамаларға ие болды. Ресей империясының әлеуметтік-мәдени нормаларының таралуы кезеңінде олар мәртебенің маңызды белгісі және әлеуметтік жағдайдың атрибуты болады, оның вестиментарлық коды XIX – XX ғғ. басында қазақтардың дәстүрлі мәдениеті шеңберіндегі мағыналық мәндермен, сондай-ақ Ресей империясындағы билік қатынастарының символикалық мәндерімен анықталды.

### Қорытынды

XIX ғасырдың бірінші жартысында старшиналар мен билерге, “қара сүйек” өкілдеріне сыйға тартуға арналған бас киімдер үшін қызыл түсті пайдалану оларға қазақ сұлтандарының сыйсыздықтарға қарағанда өздерінің әлеуметтік мәртебесінің жоғарылауын көрсетуге мүмкіндік берді. Бұл қазақ сұлтандарын жергілікті деңгейдегі билік қатынастарының саяси аренасынан ығыстырудың жанама тәсілі болды. Осы кезеңдегі бас киімдердің вестиментарлық коды осы өзгерістерді көрсетті. XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында бас киімдерді ресми маркер және айырмашылық белгісі ретінде пайдалану практикасы енді ресми империялық билік тарапынан қолданылмайды. Енді ерлердің бас киімдері утилитарлық функцияларға ие бола бастады.

*Мақала ЖТН АР08857194 «XIX – XXI ғ.ғ. басындағы қазақстандық бейнелердің тарихы мен визуалды антропологиясы: эволюциясы мен субъектінің қалыптасуы» атты жоба бойынша дайындалды*

### Әдебиеттер

- Казахский народный костюм.(1958). Алма-Ата: Казгослитиздат. 68 с.  
 Казахская национальная одежда. (1976). Алма-Ата.: Жалын. 112 с.  
 Захарова И.В., Ходжаева Р.Д. (1964). Казахская национальная одежда. Алма-Ата: Наука.178 с.

- Джанибеков У. (1982). Народный костюм // Джанибеков У. Культура казахского ремесла – Алма-Ата: Өнер. 144 с. С. 40-61.
- Космамбетова Р. (1983). Казахский народный костюм. // Искусство Казахстана. Алма-Ата: Өнер. С. 119-123.
- Джанибеков У.Д. (1996). Казахский костюм. Альбом. Алматы: Өнер. 189 с.
- Қазақ киімі. (1996). Алматы: «Өнер». 192 б.
- Казахский костюм. Қазақ киімі. Алматы: «Өнер», 2005. 160 с.
- Alimbay N., Yermekbayeva A. (2020). Kazakh traditional clothing complex: composition, history of formation (from the fund of the Central State museum of the Republic of Kazakhstan) / Bulletin of KaznU. Historical series, v. 99, n. 4, p. 33-43, Access date: 22 may 2021 doi: <https://doi.org/10.26577/JH.2020.v99.i4.04>.
- Ерофеева И.В., Усманова Э.Р. (2014). Внешние знаки отличия правящей казахской элиты XVIII – первой четверти XIX века // Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 гг. Сб-к исторических документов в 2-х томах. Алматы: АО «АБДИ Компани». 696 с.
- Бимендиев А.Ш.(2016). Головные уборы казахских чингизидов как ханские регалии (на материалах изобразительных источников) // Тәуелсіздік бейнелері. Егемен қазақстанның өнері: ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы. 247 с. С. 59-68.
- Попова Л. Ф.(2011). Казахские головные уборы в альбоме рисунков В. Плотникова // Лавровский сборник – 2010–2011 гг.: этнология, история, археология, культурология. СПб. С. 86–92.
- Stasevich I. (2016). Kazakh Women Wedding Headdress in the MAE RAS Collection // Manuscripta Orientalia.Vol. 22. No. 1. P. 20-36.
- Картаева Т.Е.(2017). Тарихи зерттеулердегі фотодеректердің тарихи-мәдени маңыздылығы // «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы № 2(10) // <https://edu.e-history.kz/kz/publications/view/666> (дата обращения: 30.03.2021.)
- Joanne V. Eicher (2000). The Anthropology of Dress // Dress. №27:1. P.59-70. DOI: 10.1179/036121100803656954. (дата обращения: 28.03.2021.)
- Patrizia Bassini (2012). Dress for Success: A Journey from Past to Present Among Tibetans, Costume, 46:1, 92-110, DOI: 10.1179/174963012X13192178400191, (дата обращения: 28.03.2021.)
- Барт Р. (2003). Система Моды. Статьи по семиотике культуры. Москва: Издательство им. Сабашниковых. 512 с.
- Мейер Л. (1865). Киргизская степь Оренбургского ведомства. Санкт-Петербург: Тип. Э.Веймара и Ф.Персона. 288 с.
- Прищепова В.А. (2011). Иллюстративные коллекции по народам Центральной Азии второй половины XIX-начала XX века в собраниях Кунсткамеры. Электронная библиотека Музея антропологии и этнографии им. Петра Великого(Кунсткамера) РАН. СПб.: Наука. 452 с. // [http://www.kunstkamera.ru/lib/rubrikator/08/08\\_03/5-02-026468-7/](http://www.kunstkamera.ru/lib/rubrikator/08/08_03/5-02-026468-7/) (дата обращения: 28.03.2021.)
- Бимендиев Ә.Ш. (2013). Казахи. История и культура. Алматы. 650 с.
- Жанаев Б.Т. (2020). Казахские депутации к российскому императорскому двору. 1801-1873 гг.: Сб.документов/ Сост.Б.Т.Жанаев. Алматы: Қазақ университеті. 861 с.
- Плотников В. (2006). Поминки. Этнографический очерк из быта Зауральских киргизов. //ЗООРГО. 1870. Вып.1. // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. II т. редак. Әжіғали С.Е. Алматы: Арыс 2006.
- Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков: материалы к историко-этнографическому атласу. (1980). Алма-Ата. 453 с.
- Гавердовский Я.П.(2007). «Обозрение Киргиз-кайсацкой степи» История Казахстана в русских источниках XVI – XX веков. Первые историко-этнографические описания казахских земель. Первая половина XIX века / V том. Алматы: Дайк-пресс.
- Залесский Б. (1991). Қазақ сахарасына саяхат. Алматы. «Өнер». 132 б.
- Карутц Р.(2011). Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке : [Этногр. Очерки] / Р. Карутц; Пер. Е. Петри. Санкт-Петербург : А.Ф. Девриен. VI, 189 с.

## References

- Kazakhskiy narodnyy kostyum (1958). [Kazakh folk costume.] Alma-Ata: Kazgoslitizdat. 68 p. Kazakhskaya natsional'naya odezhda (1976). [Kazakh national clothes.] – Alma-Ata.: Zhalyn. 112 p. Zakharova I.V., Khodzhayeva R.D. (1964). Kazakhskaya natsional'naya odezhda. [Kazakh national clothes]. Alma-Ata: Nauka. 178 p.
- Dzhanibekov U. (1982). Narodnyy kostyum. [Folk costume.] // Dzhanibekov U. Kul'tura kazakhskogo remesla. [Culture of Kazakh craft.]. Alma-Ata: Oner. 144 p. P. 40-61.
- Kosmambetova R. (1983). Kazakhskiy narodnyy kostyum. [Kazakh folk costume.] // Iskusstvo Kazakhstana. [Art of Kazakhstan.]. Alma-Ata: Oner. P. 119-123.
- Dzhanibekov U.D.(1996). Kazakhskiy kostyum. Album. [Kazakh costume. Album.]. Almaty: Oner. 189 p.
- Qazaq kiimi (1996). [Kazakh clothes.]. Almaty: «Oner». 192 b.
- Kazakhskiy kostyum. Kazakh kiimi.(2005). [Kazakh costume. Kazakh clothes.]. Almaty: «Oner». 160 p.
- Alimbay N., Yermekbayeva A. (2020). Kazakh traditional clothing complex: composition, history of formation (from the fund of the Central State museum of the Republic of Kazakhstan) / Bulletin of KaznU. Historical series, v. 99, n. 4, p. 33-43, Access date: 22 may 2021 doi: <https://doi.org/10.26577/JH.2020.v99.i4.04>.
- Yerofeyeva I.V., Usmanova E.R.(2014). Vneshniye znaki otlichiya pravvyashchey kazakhskoy elity XVIII – pervoy chetverti XIX veka [External insignia of the ruling Kazakh elite of the 18th – first quarter of the 19th century.] // Epistol'yarnoye naslediyе

kazakhskoy pravyyashchey elity 1675-1821 gg. [Epistolary heritage of the Kazakh ruling elite in 1675-1821.] Collection of historical documents in 2 volumes. – Almaty: ABDI Company JSC. 696 p.

Bimendiyev A.Sh. (2016). Golovnye ubory kazakhskix chingizidov kak khanskie regalii (na materialax izobrazitelnykh istochnikov) [Headaches of the Kazakh Genghis Khans as in the Khanate regalia (on the materials of pictorial sources)] // Təuelsizdik beyneleri. Egemen qazaqstanın oneri: [Images of Independence. The art of sovereign Kazakhstan]: materials of the scientific-practical conference. Almaty. 247 p. P. 59-68.

Popova L. F. (2011). Kazakhskiy golovnyye ubory v al'bome risunkov V. Plotnikova [Kazakh headdresses in the album of drawings by V. Plotnikov.] // Lavrov's collection. – 2010–2011: ethnology, history, archeology, cultural studies. SPb. P. 86–92.

Stasevich I. (2016). Kazakh Women Wedding Headdress in the MAE RAS Collection // Manuscripta Orientalia. Vol. 22. No. 1. P. 20-36.

Kartayeva T.E. (2017). Tarihi zertteulerdegi fotoderektardin tarihi-madeni manızdılgı [Historical and cultural significance of photoreceptors in historical studies] // Electronic scientific journal “edu.e-history.kz” № 2 (10), 2017. // <https://edu.e-history.kz/en/publications/view/666> (date of access: 30.03.2021.)

Joanne B. Eicher (2000). The Anthropology of Dress // Dress. № 27:1. P.59-70. DOI: 10.1179/036121100803656954.)

Patrizia Bassini (2012) Dress for Success: A Journey from Past to Present Among Tibetans, Costume, 46:1, 92-110, DOI: 10.1179/174963012X13192178400191 // (date of access: 28.03.2021.)

Bart R. (2003). Sistema Mody. Stat'i po semiotike kul'tury. [Fashion System. Articles on the semiotics of culture.]. M.: Publishing house them. Sabashnikovs. 512 p.

Meiyer L. (1865). Kirgizskaya step' Orenburgskogo vedomstva [Kyrgyz steppe of the Orenburg department] SPb: Type. E. Weimar and F. Person. 288 p.

Prishchepova V.A. (2011). Illyustrativnyye kollektsii po narodam Tsentral'noy Azii vtoroy poloviny XIX-nachala XX veka v sobraniyakh Kunstkamery. [Illustrative collections on the peoples of Central Asia in the second half of the 19th and early 20th centuries in the collections of the Kunstkamera. // Electronic library of the Museum of Anthropology and Ethnography. Peter the Great (Kunstkamera) RAS] // [http://www.kunstkamera.ru/lib/rubrikator/08/08\\_03/5-02-026468-7/](http://www.kunstkamera.ru/lib/rubrikator/08/08_03/5-02-026468-7/) (date of access: 03/28/2021.)

Bimendiyev A.Sh. (2013). Kazakhi. Istoriya i kul'tura [Kazakhs. History and Culture]. Almaty. 650 p.

Zhanaev B.T. (2020). Kazakhskiy deputatsii k rosiyskomu imperatorskomu dvoru. 1801-1873 gg. [Kazakh deputations to the Russian imperial court. 1801-1873:]: Collection of documents / Compiled by B.T. Zhanaev. Almaty: Kazakh University. 861 p.

Plotnikov V. (2006). Pominki. Etnograficheskiy ocherk iz byta Zaural'skikh kirgizov. [Ethnographic sketch of the Trans-Ural Kyrgyz] // NDORGS (Notes of the Department of the Orenburg Russian Geographic Society). 1870. Issue 1. // Qazaq halqın dasturleri men adet-gurıptary. II t.- ed. Azhigali S.E. Almaty: Arys.

Khozyaystvo kazakhov na rubezhe XIX-XX vekov (1980). [The economy of the Kazakhs at the turn of the 19th-20th centuries]: materials for the historical and ethnographic atlas. Alma-ata. 453 p. Gaverdovskiy Ya.P. (2007). «Obozreniye Kirgiz-kaysakskoy stepi» Istoriya Kazakhstana v russkikh istochnikakh XVI – XX vekov. Pervyye istoriko-etnograficheskiye opisaniya kazakhskikh zemel'. Pervaya polovina XIX veka [“Review of the Kirghiz-Kaisak steppe” History of Kazakhstan in Russian sources of the 16th – 20th centuries. The first historical and ethnographic descriptions of the Kazakh lands. First half of the 19th century] / Comp. I.V. Erofeeva, B.T. Zhanayev. V volume. Almaty: Daik-press.

Zalesskiy B. (1991). Qazaq saharasyna sayahat. [Journey to the Kazakh Sahara]. Almaty. «Oner». 132p.

Karutts R. (2011). Sredi kirgizov i turkmenov na Mangyshlake [Among the Kirghiz and Turkmens in Mangyshlak]: [Ethnogr. Essays] / R. Karutz; Per. E. Petri. St. Petersburg: A.F. Devrien. VI, 189 p.